

Импортталған алкоголь өніміне түгендеу жүргізу туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 24 маусым N 718. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2004 жылғы 9 қаңтардағы N 6 бұйрығымен.

"Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциз алымының маркаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 Р990431_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында б ұ й ы р а м ы н :

1. 1997 жылғы үлгідегі акциз алымының маркаларымен таңбаланған, импортталған алкоголь өнімін түгендеуді жүргізу жөнінде осыған қосылған Н ұ с қ а у б е к і т і л с і н .

2. Кеден басқармалары мен кедендер, кеден органының қызметі аймағында тұрған заңды және жеке тұлғалардың шетел өндірісінің, соның ішінде ТМД-ға мүше елдер өндірісінің 1999 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жаңа үлгідегі акциз алымының маркаларымен таңбалауға жататын импортталған алкоголь өнімін түгендеуді жүргізуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Заң департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Кеден басқармалары мен кедендердің бастықтары осы бұйрықты жаңа үлгідегі акциз алымының маркаларымен таңбалауға жататын алкоголь өнімін әкелуді және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың назарына ж е т к і з с і н .

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс Вице-министрі Ә.А. Бектасовқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеу күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрі
міндетін атқарушының
1999 жылғы 24 маусым
N 718 бұйрығымен

бекітілген

**1997 жылғы үлгідегі акциз алымының
маркаларымен таңбаланған, импортталған алкоголь
өнімін түгендеуді жүргізу жөніндегі
Н ұ с қ а у**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқау "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциз алымының маркаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 Р990431_ қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Импортталған акцизделетін тауарлардың мына түрлері таңбалауға жатады:

ТМД СЭҚ ТН-нан 2204 (220430-дан басқа), 2205, 220600-ден-винолар,
ш а м п а н в и н о л а р ы ;

ТМД СЭҚ ТН-нан 2207, 2208-ден - арақ, ликер-арақ бұйымдары, күшейтілген сусындар, күшейтілген соктар, бальзамдар, коньяктар.

Мұның өзінде, тауарлардың номенклатурасы тауарлардың кодымен де,
а т а у ы м е н д е а н ы қ т а л а д ы .

3. Голографиялық сызықшасы бар акциз алымының маркаларымен таңбалауға жататын импортталған алкоголь өнімін түгендеуді шетел өндірісінің, соның ішінде ТМД-ға мүше елдер өндірісінің алкоголь өнімінің импортын және/немесе оны сатуды голографиялық сызықшасы бар акциз алымының маркаларымен таңбалауға жататын тауарлардың санын анықтау, маркаларға тапсырыс беру және аталған тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында таңбалау мақсатында өз күшімен жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - Кәсіпорындар) 1999 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жүргізеді.

2. Түгендеу жүргізудің тәртібі

4. Осы Нұсқаудың 1-тармағында аталған акцизделетін тауарларды түгендеуді жүргізу үшін әрбір Кәсіпорында мынадай құрамда комиссия құрылады: комиссия Төрағасы - түгендеу жүргізілетін кәсіпорынның бірінші басшысы немесе оның орынбасары, материалды жауапты адам, маман (дар).

Түгендеу жүргізу кезінде комиссия мүшелерінің жоқ дегенде біреуі қатыспаған жағдайда түгендеудің нәтижелерінің күші жоқ деп танылады.

5. Комиссия мүшелері заңдарға сәйкес мыналар үшін жауап береді:

түгендеу жүргізудің уақтылығы мен тәртібінің сақталуы;
тауарлардың натурадағы нақты қалдықтары туралы түгендеу тізімдеме-актілерге енгізілген деректердің толықтығы мен дұрыстығы;

түгендеу тізімдеме-актілерде түгендеуге жататын акцизделетін тауарлар атауының және түгенденетін акцизделетін тауарлар номенклатурасының оларды

кедендік ресімдеу жүргізілген кеден декларацияларына немесе олардың Қазақстан Республикасының аумағында сатып алынғанын растайтын басқа да құжаттарға сәйкестігінің дұрыс көрсетілуі.

6. Тауарлар туралы деректер (атауы; тауарлар номенклатурасының оларды кедендік ресімдеу жүргізілген кеден декларацияларына немесе шетел өндірісінің алкоголь өнімі сатып алынған басқа құжаттарға сәйкестігі; көлемі, саны) екі данада жасалатын түгендеу тізімдеме-актілеріне жазылады. Түгендеу тізімдеме-актісінің бір данасы қызмет аймағында Кәсіпорын орналасқан кеден органына беріледі. Бұл кеден органы барлық Кәсіпорындар бойынша Жиынтық тізімдеме-актіні екі данада ресімдеуді жүзеге асырады. Жиынтық тізімдеме-актінің бір данасы Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасына (Акциз күзетіне) жіберіледі. Жиынтық тізімдеме-актінің екінші данасы тиісті кеден органында қалады.

7. Өтінім берілген мәліметтерді тексеруді жүзеге асыратын кеден органдарының лауазымды адамдары Кәсіпорын түгендеу тізімдеме-актілерде көрсеткен кез-келген деректердің растығын тексеруге, сондай-ақ таңбаланған тауарлардың қоймада бар-жоғын тексеруді жүзеге асыруға құқылы.

Тексеру түгендеу комиссиясы мүшелерінің қатысуымен жүргізіледі.

8. Алкоголь өнімінің нақты қалдықтарының тізімдеме-актілерде көрсетілген деректерден алшақтығы (сәйкессіздігі) табылған жағдайда кеден органдарының қызметкерлері есепте табылған алшақтықтар туралы тиісті салық комитетіне шара қолдану үшін хабарлайды.

9. Салыстырудан кейін және табылған алшақтықтар түзетілгеннен кейін түгендеу тізімдеме-актісінің әр бетте түгендеу комиссиясының барлық мүшелері әр бетте жазылған таңбаланған барлық тауарлардың жалпы санын (нақты көрсеткіштерде) сол бетте көрсете отырып қол қояды.

3. Жаңа үлгідегі акциз алымының маркаларына тапсырыстар қабылдаудың және маркаларды берудің тәртібі

10. Алкоголь өніміне жаңа үлгідегі акциз алымының маркаларын алуға тапсырыс 1999 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жүргізілген түгендеу деректерімен бірге қызмет аймағында Кәсіпорын орналасқан кеден органына берілуге тиіс.

11. Соларға қатысты түгендеу жүргізілген алкоголь тауарларын таңбалау үшін голографиялық сызықшасы бар акциз алымының маркаларын алуға тапсырысты қызмет аймағында Кәсіпорын орналасқан кеден органы мыналардың негізінде қабылдайды:

Кәсіпорын N 1 Қосымшада келтірілген нысанда үш данада берген акциз алымының маркаларын алуға өтініштің;

заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы

куәліктің (көшірмесі);

салық төлеуші ретінде тіркеу туралы салық органының анықтамасының;
қызметтің тиісті түріне лицензияның (көшірмесі).

12. Өтініш кеден органында тіркеледі.

13. Кәсіпорын атынан акциз маркалары үшін ақша қаражаттары төленгеннен кейін Өтініштің бір данасы Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасына (Акциз күзетіне) жіберіледі, екінші тиісті кеден органының істерінде қалады, үшіншісі Кәсіпорынға қайтып беріледі.

14. Жаңа үлгідегі акциз маркалары үшін қызмет аймағында Кәсіпорын орналасқан кеден органының депозит шотына Кәсіпорын төлеген ақша қаражаттары Өтініш тіркелгеннен кейін келесі күннен кешіктірілмей Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасының депозит шотына аударылады.

Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы аталған ақша қаражаттарын толық көлемінде жаңа үлгідегі акциз алымының маркаларын дайындап шығару үшін есеп айырысу ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасына аударды.

15. Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы (Акциз күзеті) алған Өтініштердің негізінде және голографиялық сызықшасы бар акциз алымының маркаларын сатып алуға ақша қаражаттарының келіп түсуіне қарай тапсырыстарды Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасына орналастыруды жүргізеді.

16. Осы Тәртіптің 1-тармағында атынан акцизделетін тауарлар түгендеу жүргізу күніне таңбаланған 1997 жылғы үлгідегі акциз алымы маркаларының құны, сондай-ақ түгендеу жүргізу күніне қалдықта бар 1997 жылғы үлгідегі акциз алымының пайдаланылмаған маркаларының құны Кәсіпорынның айналым шығындарына жатқызылады және қайтаруға жатпайды.

17. Таңбалауға жататын акцизделетін тауарларды түгендеуді жүргізбеген Кәсіпорындардың жаңа үлгідегі маркалар алуға Өтініштерін Қазақстан Республикасының кеден органдары осы Нұсқауға сәйкес қабылдамайды.

Тиісті кеден органының голографиялық сызықшасы бар акциз алымының маркаларын алуға сенімхаты, акциз маркалары үшін ақша қаражаттарының аударылғандығы туралы төлем тапсырмасының көшірмесі, жаңа үлгідегі акциз алымының маркаларын алатын адамның жеке басын куәландыратын құжаттардың негізінде Алматы қаласы бойынша Бас кеден басқармасы (Акциз күзеті) акциз алымының маркаларын беруді жүргізеді.

4. 1997 жылғы үлгідегі акциз алымының маркаларын жоюдың тәртібі

18. Кәсіпорында Қазақстан Республикасының кеден аумағынан экспортталмаған 1997 жылғы үлгідегі акциз маркалары болған және түгендеу

жүргізілген күні Кәсіпорында қалдықтар болған жағдайда жеке тізімдеме-актілер ж а с а л а д ы .

19. Акциз алымының пайдаланылмаған маркалары жағу жолымен жою үшін қызмет аймағында Кәсіпорын орналасқан кеден органына қайтарылуға жатады.

20. Акциз алымының пайдаланылмаған маркаларын жою тиісті кеден органының бірінші басшысының бұйрығымен анықталатын жерде комиссияның қ а т ы с у ы м е н жү р г і з і л е д і .

21. Акциз алымының пайдаланылмаған маркаларын жою жөніндегі комиссияның құрамын тиісті кеден органының бірінші басшысы кемінде бес а д а м құ р а м ы н д а б е к і т е д і .

22. 1997 жылғы үлгідегі акциз алымының пайдаланылмаған маркаларын жою жөніндегі комиссияның құрамына тиісті кеден органының бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген адам, Кәсіпорынның бас бухгалтері мен өкілі м і н д е т т і тү р д е к і р у і к е р е к .

23. Акциз алымының маркаларын нақты жою туралы жою актісі үш данада жасалады, онда жойылған маркалардың нөмірі мен саны көрсетіледі (N 2 Қ о с ы м ш а) .

Актінің бір данасы тиісті кеден органында қалады, актінің екінші данасы екі күн мерзім ішінде Алматы қаласы бойынша Бас кеден органының Акциз күзетіне жіберіледі. Актінің үшінші данасы Кәсіпорынға беріледі.

24. Алкоголь өнімін импорттаушы 1997 жылғы үлгідегі акциз алымының пайдаланылмаған маркаларының орнына жаңа үлгідегі акциз алымының маркаларын сатып алған кезде, егер акциз алымының маркаларын сатып алған кезде акциз төленбеген болса, акциз маркаларды сатып алған сәтте жалпы белгіленген тәртіп бойынша төленеді.

N 1 Қ о с ы м ш а
_____ облысы бойынша
Кеден басқармасының (кеденнің)
б а с т ы ғ ы н а

**Акциз алымы маркаларын сатып алуға
Өтініш**

(ұйымның толық атауы, КҰЖЖ коды, мекен-жайы, банктегі деректемелері)
акциз алымы маркасын сатуды өтінеді:

_____ санында _____ дана
(марка үлгісі) (жазбаша)

_____ санында _____ дана
(марка үлгісі) (жазбаша)

_____ санында _____ дана
(марка үлгісі) (жазбаша)

Көрсетілген марка саны мынадай тауарларды таңбалау үшін қажет:

_____ (номенклатура мен ыдыс үлгілері көрсетілген бөтелке саны)

_____ облысы бойынша
Кеден басқармасының (кеденнің)
_____ депозиттік шотына
марка сатып алуға ақшалай қаражат
1999 ж. _____ N _____ төлем тапсырмасымен
_____ сомасында

(жазбаша)

Ұйымның басшысы _____ (Аты-жөні, қолы)

Бас бухгалтер _____ (Аты-жөні, қолы)

М.О.

Маркалар үшін ақшалай қаражаттың түскені туралы

Кеден органының белгісі

жауапты тұлғаның қолы, күні

N 2 қосымша

Акциз алымы маркаларын жою

Актісі

"Акцизделуге жататын тауарлардың жекелеген түрлерін акциз алымы маркаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.19.04. N 431 P990431_ қаулысына сәйкес біз, мынадай құрамдағы комиссия:

_____ саны _____ дана 1997 жылғы үлгідегі акциз алымы маркаларын өртеу арқылы есептеп шығарып, жоюды жүргіздік соның ішінде: ТМД СЭҚ ТН 2204-тен (220430-дан басқа), 2205, 220600- шараптар, шампан шараптары _____ дана N және сериясы _____

ТМД СЭҚ ТН 2207, 2208-ден - спирттің барлық түрлері, арақ, ликер-арақ бұйымдары, күшейтілген ішімдіктер, күшейтілген шырындар,

зәмзәм сулары, коньяктар _____ дана
N және сериясы _____

Т ө р а ғ а

- | | | |
|----------------------------------|--------|-------|
| 1) _____
(аты-жөні, лауазымы) | (қолы) | _____ |
| Комиссия мүшелері: | | |
| 2) _____
(аты-жөні, лауазымы) | (қолы) | _____ |
| 3) _____
(аты-жөні, лауазымы) | (қолы) | _____ |
| 4) _____
(аты-жөні, лауазымы) | (қолы) | _____ |
| 5) _____
(аты-жөні, лауазымы) | (қолы) | _____ |